



080011, Тараз қаласы, К.Кошекөв көшесі, 50
тел.: 8 707 234 37 91
e-mail: zhambyl@daryn.kz

080011, город Тараз, улица К.Кошекөва, 50
тел.: 8 707 234 37 91
e-mail: zhambyl@daryn.kz

№ 22
14.01.2025 жыл.

Аудандық, қалалық білім
бөлімдерінің басшыларына

Облыстық білім басқармасына
қарасты мектеп директорларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы «Дарын» республикалық ғылыми практикалық орталығының 14.01.2025. №103/15-11-06 хатына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен «БІЛІМ ИННОВАЦИЯ» Халықаралық қоғамдық қорының бастамасымен «Ана тілі» республикалық интеллектуалды қазақ тілі олимпиадасының өтендігін хабарлайды.

Олимпиада екі кезеңнен тұрады:

1. Іріктеу кезеңі. 2025 жылдың 25 қаңтарында itest.kz платформасында онлайн форматта өтеді.

2. Республикалық кезең. 2025 жылдың 22-23 ақпан күндері Астана қаласында өтеді.

Бұл олимпиада – мемлекеттік тілді терең меңгеруге, оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал ететін маңызды білім беру шарасы екендігін ескеріп, оқушылардың қатысуын қамтамасыз етулеріңізді сұраймыз.

Олимпиада ережесі мен қатысу шарттары туралы толық ақпарат хаттың қосымшасында көрсетілген.

Қосымша: 11 бет.

Директор



М.Есеналиева

Орындаған: Ж.Исабаева
Тел.: 8 7088030444

000022



Z05K5K8, Астана қаласы,
Мәңгілік Ел даңғылы 8, 3 қабат
Тел./Факс: +7 (7172) 79-58-69
e-mail: info@daryn.kz

Z05K5K8, г. Астана,
проспект Мангилик Ел 8, 3 этаж
Тел./Факс: +7 (7172) 79-58-69
e-mail: info@daryn.kz

14.01.2025. № 103/15-11-06

**Облыстық, Астана, Алматы
және Шымкент қалалық білім басқармаларына,
Аймақтың «Дарын» орталықтарына,
республикалық білім беру ұйымдарына,
Назарбаев Зияткерлік мектептеріне**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» Халықаралық қоғамдық қорының бастамасымен қазақ тілінің мәртебесін арттыруға және оқушылардың ана тіліне деген қызығушылығын дамытуға бағытталған «Ана тілі» республикалық интеллектуалды қазақ тілі олимпиадасы ұйымдастырылуда.

Бұл олимпиада - мемлекеттік тілді терең меңгеруге, оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін маңызды білім беру шарасы болып табылады. Олимпиада екі кезеңнен тұрады:

1. Іріктеу кезеңі: 2025 жылдың 25 қаңтарында itest.kz платформасында онлайн форматта өтеді.
2. Республикалық кезеңі: 2025 жылдың 22-23 ақпан күндері Астана қаласында өтеді.


Олимпиадаға қызығушылық танытқан оқушыларды қатыстыруды қамтамасыз етулеріңізді сұраймыз. Олимпиаданың ұйымдастырылуы мен қатысу шарттары туралы толық ақпарат осы хатқа қоса берілген Ережеде көрсетілген.

Қосымша сұрақтар бойынша төмендегі байланыс нөмірлеріне хабарласуға болады:

- «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы: +7 (7172) 576-563;
- «Білім-Инновация» Халықаралық қоғамдық қоры: +7 (7172) 53-88-54.

Оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырып, олардың тілдік және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға бағытталған бұл маңызды шараға қолдау білдіретіндеріңізге сенімдіміз.

Құрметпен,
Директор

A handwritten signature in blue ink, consisting of a large, stylized letter 'Q' followed by a long, sweeping horizontal stroke that ends in a small hook.

Ғ. Тұрсынов

Орынд.: Е.Нұртазанов
Тел.: 8 (7172) 576563



Қосымша-1
“БЕКІТЕМІН”
“БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ” ХҚҚ
президенті Дархан Өте
“11” қауыры 2025ж.

“Ана тілі” республикалық интеллектуалды қазақ тілі олимпиадасын ұйымдастыру мен өткізу ережелері

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасы бойынша өткізілетін «Ана тілі» интеллектуалды қазақ тілі олимпиадасының (бұдан әрі – Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.
2. «Ана тілі» олимпиадасы – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) мен «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» Халықаралық қоғамдық қоры (бұдан әрі – Қор) ұйымдастыруымен өткізілетін интеллектуалды олимпиада.
3. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері:
 - 1) Қазақ тілін жастар арасында кеңінен дәріптеп, оны ғылым мен білімнің озық тіліне айналдыруға мүмкіндік туғызу.
 - 2) Оқушылардың ауызша сөйлеу шеберлігін жетілдіру, ойларын еркін әрі сауатты жеткізе білуге бағыттау.
 - 3) Оқушылардың жазбаша тіл шеберлігін дамытып, ойларын өзінің көзқарасымен сауатты, нақты және тиімді түрде жеткізе білуге жағдай жасау.
 - 4) Тыңдалған ақпаратты дұрыс түсініп, негізгі ойды саралап және оны өз ойымен ұштастыра отырып жазу шеберлігін дамыту.

II. Интеллектуалды олимпиаданың қатысушылары

4. “Ана тілі” республикалық интеллектуалды қазақ тілі олимпиадасына 9-12 сынып оқушылары қатыса алады.
5. Олимпиада қазақ тілінде өтеді, қатысушыларға ұлтына, оқу тобына (қазақ немесе басқа), жынысына байланысты талап қойылмайды.
6. Оқушылар іріктеу кезеңіне және республикалық кезеңге топ болып қатысады.
7. Республикалық кезеңге іріктеу кезеңнен өткен топтар шақырылады.
8. Олимпиаданың іріктеу кезеңіне тіркеле алатын топ санына шектеу қойылмайды.
9. Республикалық кезеңге іріктеуден 64 топ өтеді.
10. Әр топтың қазақи нақыштағы атауы болуы қажет.
11. Әр топта 3 қатысушыдан болады.

III. Ұйымдастыру комитеті және қазылар алқасы

12. Олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізу бойынша істі жүзеге асыру үшін Қоғам және Қор бірлесіп, Республикалық ұйымдастыру комитетінің құрамын бекітеді.
13. Республикалық ұйымдастыру комитеті олимпиаданың барлық кезеңдерін өткізудің жалпы тәртібін анықтайды және оны өткізуге тікелей басшылық жасайды.

14. Олимпиада қазылар алқасының құрамы тақ саннан құралады.
15. Қазылар алқасының міндеттері:
 - 1) қатысушылардың жұмысын тексеру, қорытындысын шығару;
 - 2) қатысушылардың жұмысын бағалаудағы даулы мәселелерді талқылау және қажетті түзетулер енгізу;
 - 3) жеңімпаздарды анықтау және жүлделі орындарды бөлу;
 - 4) Қоғам және Қордың кеңесшілеріне олимпиаданың өту барысы және қорытындысы бойынша жеке есеп беру.
16. Жетекші мұғалімдер қазылар алқасының құрамына кірмейді.

IV. Интеллектуалды олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

17. 13.01.2025ж. - 18.01.2025ж. аралығында онлайн тіркеу жүргізіледі;
18. Олимпиада екі кезеңнен тұрады:
 - 1) Іріктеу кезеңі – 2025 жылдың 25 қаңтар күні онлайн (itest.kz) тест форматында өтеді;
 - 2) Республикалық кезең – 2025 жылдың 22-23 ақпан күндері Астана қаласында өтеді.
19. Олимпиаданың республикалық кезеңі үш турдан тұрады:
 - 1) «Пікірсайыс» (белгілі тақырып көлемінде арнайы ережелермен шектелетін сөз жарыстыру, білім таластыру сайысы);
 - 2) «Тілшілер сайысы» (қатысушылардың сөздік қоры, тіл білімі мен ойлау дағдысын бағалауға бағытталған тапсырмалар жиынтығы) үш бағыттан тұрады:
 - 2.1. «Эссе» (қатысушыларға берілген үш кітап мазмұнынан алынған тақырыптар бойынша креативті эссе жазу сайысы);
 - 2.2. «Мазмұндама» (ұсынылған аудиомәтінді тындап, идеясына сүйене отыра мазмұндама жазу сайысы);
 - 2.3. «Тіл білімі» (берілген материалдарға тілдік талдау жасауға бағытталған тапсырмалар жиынтығы).
 - 3) «Білімпаздар» (ғылым-білім тақырыбындағы сұрақтардан құрастырылған викторина).
20. Олимпиаданың Республикалық кезеңі Қоғам мен Қордың бекіткен орнында өтеді.
21. Бір топ үш кезеңге толық қатысады.
22. Қатысушылар алдын-ала дайындалған материалдарды оқып, берілген тапсырмаларға дайындықпен келеді.
23. Бір мұғалім бірнеше топқа жетекшілік жасай алады.
24. Олимпиаданың республикалық кезеңіне қатысатын оқушыларды байқау өтетін қалаға жеткізу және қатыстыру жетекшілерге және жіберуші тарапқа жүктеледі.
25. Олимпиаданың тапсырмалары ұйымдастыру комитеті тарапынан дайындалады.
26. Олимпиадаға тіркеуден өткен және республикалық кезеңге өткен қатысушылар тізімін ұйымдастыру комитеті электронды түрде дайындайды.
27. Қатысушылар олимпиаданың республикалық кезеңі өтетін қалаға келу мерзімін олимпиаданың ашылуынан бұрын, ал қайту мерзімін олимпиаданың жабылуынан кейінгі уақыттарға жоспарлауы қажет.
28. Қатысушылар олимпиаданың республикалық кезеңі өтетін қаланың ауа райына сай дайындықпен (киім, қажетті заттары және т.б.) келуі қажет.

29. Олимпиадаға келген топтар өз жоспарларын жергілікті ұйымдастыру комитетінің бағдарламалары мен жоспарларына сай құруы тиіс.

V. Қаржыландыру

30. Олимпиаданы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қаржыландырады.
31. Олимпиада қатысушылары мен жетекшілерінің жол шығындары жіберуші білім мекемелерінің немесе қатысушылардың жеке қаражат есебінен жүзеге асырылады.
32. Олимпиада қатысушылары облыстық команда құрамында келеді. Команданы жетекші бастап келеді.
33. Команда жетекшілерін жіберуші тарап тағайындайды.
34. Республикалық кезеңге келген қатысушылар мен ресми бекітілген жетекшілерді жатын орынмен және тамақпен қамтамасыз ету шаралары Қоғам және Қор тарапынан ұйымдастырылады.
35. Олимпиада қатысушылары мен ресми бекітілген жетекшілерінен басқа адамдар жатын орынмен және тамақпен қамтамасыз етілмейді.

VI. Олимпиаданы әр кезең бойынша өткізу және бағалау шарттары

ІРІКТЕУ кезеңі

36. Онлайн тіркеуден өткен қатысушылар 2025 жылдың 25 қаңтар күні Itest платформасы арқылы онлайн іріктеу кезеңі өтеді.
37. Іріктеу кезеңінде тест форматында құралған 40 сұрақ болады.
38. Сұрақтар грамматика, әдебиет, өнер және жаратылыстану бағыттарын қамтиды.
39. Іріктеу кезеңінің қорытындысы сайтта жарияланады.
40. Іріктеу кезеңінің нәтижесі бойынша үздік 64 топ республикалық кезеңге шақырту алады.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ кезең

41. Олимпиаданың Республикалық кезеңі 3 кезеңнен тұрады: «Пікірсайыс» кезеңі; «Тілшілер сайысы» кезеңі; «Білімпаздар» кезеңі.

«ПІКІРСАЙЫС» кезеңі

42. Пікірсайыс – белгілі тақырып көлемінде арнайы ережелермен шектелетін, сөз жарыстыру, білім таластыру сайысы.
43. Мақсаты – қазақ тілі мен әдебиеті тақырыбы аясында көшбасшылыққа баулу.
44. Шарты:
- 1) қарарға байланысты әр топ өз тарапын дәлелдейтін стратегия құрып келулері қажет;
 - 2) қарарлар бойынша ақпараттанған болуы керек;
 - 3) көсемсөз дағдысы болуы керек.
45. Олимпиаданың пікірсайыс кезеңі «Ана тілі олимпиадасы форматы» (бұдан әрі – АТОФ) (1-қосымша) өтеді.
46. Ойын барысында топтар сырттан көмек ала алмайды, басқа спикерлермен, топтармен, жетекшілерімен, жаттықтырушылармен және т.б. сөйлесе/кеңесе, интернетті пайдалана алмайды.
47. Топтар тек дайындап алып келген материалдарды пайдалана алады.
48. Ойындар қай аудиторияда өтетінін бас төреші хабарлайды.

49. Бір ойын 20-30 минут көлемінде өтеді.
50. Қатысушыларға алдын ала дайындық үшін қарарлар беріледі.
51. Турнир төрт кезеңде өткізіледі. Бірінші айналым – іріктеу кезеңдері. Екінші айналым – плей-офф ойындар: ширек финал, жартылай финал және финал.
52. Әр раундқа бір қарар беріледі. Іріктеу ойындарында қарсылас топтар жеребе арқылы таңдалады.
53. АТОФ форматында бір ойынға 2 фракция қатысады. Егер тізімдегі пікірсайысшылар турнирге келмесе, ойын оларсыз жалғасады.
54. Төрешілікті төрешілер алқасы жүзеге асырады, оның құрамына тәжірибелі пікірсайысшылар кіреді.
55. Ұйымдастырушылар төрешілердің бірін Турнирдің бас төрешісі етіп тағайындайды.
56. Турнирдің бас төрешісі ойындардың өткізілуі мен тақырыптарына жауапты, төрешілерді ойындарға бөледі, ойындардың барысын қадағалайды және ойындарға төрелік стуге құқылы.
57. Турнирдің бас төрешісі турнирдің ойындар сеткасына арнайы адам тағайындалып, сол арқылы (tab-мастер) құрастырады.
58. Ойын төрешісі пікірсайысқа қатысушыларды АТОФ ережелеріне сәйкес шақырады, спикерлерді позициясына сай орын алуға шақырады, ойын жүргізеді, ойын нәтижелері туралы шешім қабылдайды, шешімге түсініктеме береді.
59. Турнир барысында ойын төрешісі ұпайлар мен түсініктемелерді бағалау парағына (бюллетень) енгізеді. Төреші ойынның жалғыз және өкілетті төрешісі болып табылады, төрешінің (төрешілердің) шешімі түпкілікті болып табылады және 10 минут ішінде қабылданады.
60. Пікірсайыс ойындарын бағалау критерийлері: Сөйлеу мәнері, Қолданған стратегиясы, Ақпараттың мазмұны.
61. Жеңімпаздар топтық және жеке спикерлік есеп бойынша анықталады.
62. Әр спикер пікірсайыс дескрипторы бойынша 40 ұпайлық жүйемен бағаланады.
63. Төрешілердің шешімі жарияланғаннан кейін топтар келесі ойындарда ескерілетін кері байланыс қалдыра алады.

«ТІЛШІЛЕР САЙЫСЫ» кезеңі

64. Тілшілер сайысы – қатысушылардың сөздік қоры, тіл білімі мен ойлау дағдысын бағалауға бағытталған тапсырмалар жиынтығы.
65. Тілшілер сайысы үш бағыттан тұрады:
 - 1) Эссе жазу – қатысушыларға берілген үш кітап мазмұнынан алынған тақырыптар бойынша креативті эссе жазу сайысы;
 - 2) Мазмұндама жазу – ұсынылған аудиомәтінді тыңдап, идеясына сүйене отыра мазмұндама жазу сайысы;
 - 3) Тіл білімі – берілген материалдарға тілдік талдау жасауға бағытталған тапсырмалар жиынтығы.
66. Мақсаты – ой-өрісін дамыта отырып, сөздік қорын, тілдік және шығармашылық дағдыларын қалыптастыру.
67. Аталған үш бағыт бойынша әр топта бір оқушыдан қатысады.
68. “Эссе жазу” сайысының ережелері:
 - 1) қатысушыларға олимпиада күні 3 тақырып беріледі, соның біреуін таңдап, жазба жұмысын орындайды;
 - 2) тақырыптар алдын ала берілген кітаптардың мазмұны аясында дайындалады;

- 3) міндетті түрде креативті эссе болуы керек;
 - 4) тақырыпқа сай болуы керек;
 - 5) жазба жұмысында тақырыптың ашылуы, креативтілігі, пікірінің дәйектілігі, логикалық жүйелілігі және сауаттылығы бағаланады;
 - 6) жазбаша жұмысқа берілетін уақыт – 90 минут;
 - 7) жазба жұмысының көлемі – 220-250 сөз;
 - 8) қатысушылардың жазба жұмыстары дескрипторға сай 40 ұпайлық жүйемен бағаланады.
69. “Мазмұндама жазу” сайысының ережелері:
- 1) берілген аудио материалды тыңдап, мазмұндама жазуы қажет;
 - 2) аудиомәтінді 3 рет тыңдауға мүмкіндік беріледі;
 - 3) аудиомәтіннің көлемі 6 минуттан аспайды;
 - 4) мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, баяндау формасын сақтап жазуы керек (бірінші жақта жазылған мәтінді үшінші жақты қолдану арқылы баяндау);
 - 5) аудиомәтінді толықтай мазмұндап, жазба жұмысында өз ойын қоса көрсетуі керек;
 - 6) жұмыстың мазмұны, көркемдік сипаты және грамматикалық сауаттылыққа назар аударылады;
 - 7) мазмұндама жазуға берілетін уақыт – 45 минут;
 - 8) қатысушылардың жазба жұмыстары дескрипторға сай 40 ұпайлық жүйемен бағаланады.
70. “Тіл білімі” сайысының ережелері:
- 1) қатысушылар берілген материалға грамматикалық (лексикалық, синтаксистік, фонетикалық, морфологиялық) талдау жасауы қажет;
 - 2) талдауға берілетін уақыт – 60 минут;
 - 3) қатысушылардың талдау жұмыстары дескрипторға сай 40 ұпайлық жүйемен бағаланады.


«БІЛІМПАЗДАР» кезеңі

71. Білімпаздар – ғылым-білім тақырыбындағы сұрақтардан құрастырылған викторина.
72. Мақсаты – ғылым-білім саласында қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтіп, оқушылардың білім деңгейін тексеру.
73. «БІЛІМПАЗДАР» сайысының шарттары:
 - 1) қатысушыларға онлайн викторина форматында 40 сұрақ беріледі;
 - 2) қатысушылардың жауап беру дұрыстығы мен жылдамдығы бағаланады;
 - 3) әр сұраққа жылдам әрі дұрыс жауап бергеніне байланысты 1 ұпайдан иелене алады;
 - 4) кезең нәтижесі бойынша әр қатысушы 40 ұпай иелене алады;
 - 5) әр сұраққа берілетін уақыт – 30 секунд.

VII. Олимпиаданың жұмысын қорытындылау және қатысушыларды марапаттау

74. Олимпиаданың ашылуы және марапаттау рәсімі салтанатты түрде өткізіледі.
75. Олимпиаданың әрбір бағыты бойынша бағалау жүйесі ұйымдастыру комитеті арқылы анықталады.
76. Олимпиаданың барлық қатысушыларына сертификаттар табысталады.
77. Олимпиадада үздік нәтиже көрсеткен топ гран-при иеленіп, диплом, медальдар және кубокпен марапатталады.

78. Жалпы ұпай көлемі қарай «Үздіктер» номинациясы бойынша топтар кубок, медаль және дипломмен марапатталады, «Озаттар», «Мықтылар», «Белсенділер» номинациясы иеленген топтар медальдар және дипломмен марапатталады.
79. Әр кезең бойынша үздік нәтиже көрсеткен топтар стандартты кубок, медальдар және Дипломмен марапатталады.
80. Олимпиаданың нәтижесінде әр бағыт бойынша үздік нәтиже көрсеткен оқушылар қосымша медальдармен және Дипломмен марапатталады.
81. Бір оқушы бірнеше медаль ұтып ала алады.
82. Олимпиаданы өткізуге белсенді атсалысқан қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің мүшелері Алғыс хатпен марапатталады.



“Ана тілі” республикалық интеллектуалды қазақ тілі олимпиадасының іріктеу кезеңінің өту ережесі

1. Жалпы ережелер

- “Ана тілі” республикалық интеллектуалды қазақ тілі олимпиадасының іріктеу кезеңіне тіркелу 2025 жылғы 13-18 қаңтар күндері аралығында сағат 12:00-ге онлайн тіркеу жүргізіледі.
- Іріктеу кезеңінің сынағы 2025 жылғы 25 қаңтар күні сағат 12:00-де онлайн өтеді.
- Іріктеу кезеңінің сынағын әр оқушы өз мектебінде тапсырады. Іріктеу кезеңі барлық ереже, шарттарға сай өтуін ұйымдастыру мектеп әкімшілігіне жүктеледі.
- Іріктеу кезеңі барлық ереже, шарттарға сай өтуін ұйымдастырылмаған жағдайда, олимпиада комиссиясы жауап бермейді.
- Іріктеу кезеңінде ереже бұзушылықтар байқалған жағдайда, сол мектептің сынақ қорытындыларын қабылдамауы олимпиада комиссиясы толықтай құқылы.
- Әрбір ереже бұзушылыққа арнайы, болған жағдайды баяндайтын жазбаша акт жасалады.
- Сынақтың 40 сұрақтан тұрады және 60 минут беріледі.
- Сынақ арнайы үш прокторлық жүйемен бақыланады. Аудиториядағы мектептің тағайындаған бақылаушысы, сынақ тапсыратын онлайн платформаның Face ID камерасы және ZOOM арқылы синхронды бақылайтын республикалық комиссияның прокторы.
- “Ана тілі” республикалық интеллектуалды қазақ тілі олимпиадасының іріктеу кезеңінде апелляция қарастырылмаған.

2. Прокторинг

- Сынақ тапсыратын онлайн платформаның Face ID камерасы арқылы бақылау (прокторинг) жүйесі жүргізіледі.
- Сынақ кезінде ереже бұзушылық байқалған болса, олимпиада комиссиясының шешімі бойынша оқушының немесе аудиторияның толық қорытындысы қабылданбайды.
- Сынақ өтетін аудиторияда ZOOM арқылы синхронды бақылайтын республикалық комиссияның прокторлары болады.
- ZOOM-ға байланған камера аудиторияның сыныпты толығымен көре алатындай бір бұрышта орналасуы тиіс.

- Сынақтан бұрын әр аудиторияның жабдықталуы, сынаққа дайындығы ZOOM прокторлары арқылы тексеріледі.
- Бір аудиторияға бір проктор және IT маманы тағайындалуы тиіс.
- Проктор мектеп әкімшілігі тарапынан тағайындалуы қажет.
- Сынақ шарттарына сай жабдықталмаған, тексеріс кезінде мақұлданбаған аудиториялар емтиханға жіберілмейді.
- Аудиторияда проктор және IT маманы болатындардың тізімі алдын ала ұйымдастырушыларға жіберілуі қажет.
- Республикалық комиссия мен жергілікті прокторлармен байланыс арнайы телеграм каналы арқылы жүргізіледі.

3. Аудитория

- Сынақ мектептің информатика (компьютермен жабдықталған) кабинетінде өтуі қажет.
- Аудитория компьютерлер, камера, микрофонмен жабдықталуы қажет.
- Аудиториядағы компьютерлер үздіксіз интернетпен байлануы қажет.
- ZOOM Прокторинг үшін арнайы камерасы, микрофоны, колонкасы қосылған бір компьютер қосылуы қажет.
- ZOOM Прокторинг жасайтын компьютердің камера сыныпты толық көре алатындай жерде орналасқанына көз жеткізу керек.
- Аудиторияның сынаққа дайындығы, 2025 жылдың 25 қаңтар күні сағат 10:00-12:00 арасы республикалық комиссияның прокторлары тексереді.
- Аудитория сынаққа дайын болмаған жағдайда сынаққа жіберілмейді.
- ZOOM камерасына кірмей қалған оқушылардың қорытындысы қабылданбайды.
- Сынақ барысында аудиторияда тек қана бір проктор және бір IT маманы ғана болуы тиіс.
- Бөгде адам болған жағдайда ескерту жасалады, қайталанған жағдайда, сол аудиторияның емтихан нәтижесі қабылданбайды.
- Аудиторияның тазалығына, желдетілгеніне аудитория прокторы жауапты.
- Сынақ кезінде оқушаларға аудиториядан шығуға тыйым салынады.
- Аудиторияда болған ереже бұзушылықты анықтау және акт жасау аудитория прокторына және республикалық комиссияның ZOOM прокторларына жүктеледі.

4. Қатысушылар

- “Ана тілі” республикалық интеллектуалды қазақ тілі олимпиадасының іріктеу кезеңіне 9, 10, 11-сынып оқушылары қатыса алады.
- Қатысушылар санын әр мектеп информатика кабинетінің сыйымдылық мүмкіндігіне қарай белгілейді және қатысушылар санын шектей алады.
- Қатысушы сынаққа кірер алдында өз төлқұжатын немесе басқа да жеке куәлігін көрсету арқылы жеке басын растайды.

- Сынаққа тіркелмегендер сынаққа жіберілмейді, сынаққа кіргені анықталған жағдайда, дереу аудиториядан шығарылады және сынағы тоқтатылады.
- Сынаққа 10 минутқа кешіккен және мүлдем қатыспаған оқушылар қатысу, мүмкіндігінен айырылады және сынақты қайта тапсыру қарастырылмаған.
- Іріктеу емтиханына тіркеу жасалғаннан кейін топтың мүшелерін ауыстыруға рұқсат етілмейді.

5. Сынақтың өту барысы

- “Ана тілі” республикалық интеллектуалды қазақ тілі олимпиадасының іріктеу сынағының өтетін уақыты 2025 жылдың 25 қаңтар күні 12:00-13:00 арасы.
- Сынақ өтетін аудиторияның дайындығын тексеру сынақ күні 10:00-12:00 арсында өтеді.
- Сынақ сұрақтары тест түрінде келеді және сұрақ түрлері қазақ тілі мен әдебиеті бойынша 10 сұрақ, жаратылыстану бағыты бойынша 30 сұрақ. Жалпы 40 сұрақ болады.
- Емтихан қорытындысы, республикалық кезеңге өткен топтар және оқушылар тізімі олимпиаданың сайтында жарияланады.
- “Ана тілі” республикалық интеллектуалды қазақ тілі олимпиадасының іріктеу кезеңінен жеке ұпайы минимум 50 пайызды (40-тан 20) жинаған және топтық (топтың 3 мүшесі) ұпайы бойынша ең үздік атанған 64 топ (192 оқушы) республикалық кезеңге шақырылады, жарысқа қатысу үшін жолдама алады.
- Топтың ұпайы жетіп тұрып, бір мүшесінің ұпайы 50 пайызды жинай алмаса, топтың барлық мүшелері келесі кезеңге өткізілмейді.